



EGEMEN QAZAQSTAN

## Қарқаралыдағы Абай жолы

Киелі Қарқаралы топырағы көрсе көз сүйсінер әсем табиғаты, тамырын тереңге тартқан тағылымды тарихымен ғана емес, талай ғұлама ғалымдардың табанының ізі қалған сырға толы шежіресімен де қастерлі. Мұны кезінде қазақтың біртуар презенті Қаныш Сәтбаев: «Алтайдан Карпатқа дейінгі ұлан-байтақ далада дәл Қарқаралы топырағындай қасиетті жер жоқ» деп дөп басып бағалаған болатын. Міне, осы бір киелі мекеннің қасиетіне қасиет, тарихына тағылым үстейтін есімдердің бірегейі – Құнанбай қажы мен хәкім Абай тұлғасы.



## Тағылым тұнған топырақ

Иә, тарихы қос ғасырға жуықтайтын Қарқаралыны айтсақ, ұлы Абайдың әкесі Құнанбай Өскенбайұлы салдырған мешітті айтпай кетуге болмайды. Мешіт сөз болғанда, әсте Құнанбай қажы қайраткерлігінен аттап өте алмаймыз. Ал текті Құнанбай тілге тиек етілген жерде кеменгер Абай

есімінің де қатар айтылуы заңдылық. Әке мен бала арасындағы ғұмырлық ұлағаттың үздік үлгісін танытатын қос қайраткер тағылымы бүгінде тек Семей, Шыңғыстау өңірі ғана емес, қасиетті Қарқаралы топырағында да сайрап жатыр.

Ұлттық руханият әлеміне сілкініс әкелген кемеңгер тұлғалар ныспысын Қарқаралымен тығыз байланыстырып тұрған Құнанбай қажы мешітінен бөлек, мұндағы тағы бір құнды жәдігер – Абай дәм татқан атақты татар көпесі Халиолла Бекметовтің «Көктөбел үйі». Қатар жарасқан қос ескерткіш бүгінде өз дәстүрі мен дағдысын қалыптастырған тарих, мәдениет, сәулет өнерінің біртұтас кешеніне айналған. Мешітке соғып, Абай үйіне кірмей кетуге болмайды. Сол секілді Абай үйінің табалдырығын мешіттен бұрын аттамайтын киелі өлкенің жазылмаған өз тәртіп-заңы бар.

Бала күнімізден құлағымызға құйып өскен осы бір қағидадан туған жерге қай уақыт, қай мезгілде жол түссе де, аттап көрген емеспіз. Бұл жолы да сол әдетімізден танбадық. Екінтіге таяу Қарқаралыға кірген көлігімізді қала кіреберісінен күтіп алған әкем Рымбек Шаймұратұлы өзі бастап Құнанбай қажы мешіті, одан әрі Абай түскен көктөбел үйдің қақпасына әкеп тіреді. Мешіттің сол жақ қапталынан орын тепкен ақын мен әкесіне арналып тұрғызылған еңселі ескерткіш те тарихи кешеннің құндылығы мен мазмұндық мәнін байыта түскендей.

Құнанбай қажы салдырған мешіт пен Абай тоқтаған үйдің табалдырығын талай мәрте аттап жүргенімізбен, мыстан құйылған биіктігі 4 метрлік мүсінді бой көтергелі бері тұңғыш көруіміз. Осы жылдың мамыр айында ұлы ақынның 175 жылдық мерейтойына орай дүниеге келген өнер туындысы салтанатымен көз бен көңілді қатар баурайды. Композиция авторы Сәкен Дәулетбаевтың айтуынша, ескерткіш медреседен үйге оралған жас Абайды әкесінің қарсы алып тұрған сәтін суреттейді. Бір-біріне іргелес орналасқан Құнанбай қажы мешіті мен Абай тоқтаған үйді үйлесімді үндестірген мүсін шын мәнінде Қарқаралыдағы Құнанбай мен Абай дәуірі атмосферасын бедерлі бейнелеп тұр.

### **Қарқаралы... Құнанбай қолтаңбасы**

Құнанбай қажы дегенде, біздің ойымызға бірден Мұхтар Әуезов қаламына арқау еткен «Абай жолы» роман-эпопеясындағы қатал да мейірімсіз әке бейнесі оралады. Алайда, осы бір тұлғаны көркем әдебиетте суреттелген кейіпкер бейнесінен алшақ әкетіп, өзі өмір сүрген замандағы халқы үшін жасаған жарқын істері мен шынайы өмірдегі болмысына үңілетін болсақ, қатыгез Құнанбай емес, қайраткер Құнанбайдың мәрт тұлғасын танимыз.

Қасиетті Қарқаралы шаһарындағы шежірелі һәм қасиетті мекен, 170 жылға жуықтайтын тарихы бар еңселі мешіт тікелей Құнанбай қажы есімімен байланысты. Қазақтың бас ақыны Абайдай ұлы кемеңгерді өмірге келтірген Құнанбай бабамыз ел билеген әділетті де беделді әкім ғана емес, мұсылманның бес парызын мүлтіксіз атқарған мүмін кісі болған. Бұған дәлел – ол кісінің қажылық жолмен қасиетті Меккеге барып, онда мұсылман елдерінен барған адамдар түсетін «Үй-Тақия» («Тәкие») қонақүйін салғызуы

және Қарқаралы қаласында мешіт қабырғасы қалануына тікелей мұрындық болуы. Кейінгі деректерде мәлім болғанындай, «Тәкие» қонақүйі 12 бөлмеден тұрып, оған шамамен 60 адам сыйған көрінеді. Бірақ өкінішке қарай, Меккедегі қазақтардың салған жалғыз ғимараты: мешіт пен қонақүй орны сақталмаған. Есесіне, қайраткер тұлғаның Қарқаралы қаласында тұрғызған құлшылық мекені бүгінге дейін жетіп, жергілікті тұрғындар мен қалаға қыдырып келуші қонақтардың көз қуанышына айналған.

Мұрағат деректеріне үңілер болсақ, мешіт салу жөніндегі алғашқы бастама сол кезде Қарқаралыда аға сұлтан болып тұрған Құспек Тәукиннің басшылығымен қолға алынғанымен, құрылысты қашан бастап, қай жерге салу, жұмыс күшін қайдан алу сияқты мәселелерде Құнанбай қажы есімінің көбірек аталатындығына куә боламыз. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің жазбасы бойынша, Құнанбай 1849 жылға дейін Кішік-Тобықты болысының болыс управителі қызметінде болып, одан кейін

1849-1852 жылдары Қарқаралы округіне аға сұлтандыққа сайланған кезінде мешіт тұрғызылған. Бұл жөнінде ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында өмір сүрген аяғөздік қазақ тарихшысы Құрбанғали Халид өзінің «Тарауих Хамса» деген кітабында: «Қарқаралыда Құспек алынған соң, орнына Тобықты Құнанбай мырза Өскенбайұлы 1849 жылы сайланды. Мұнан бұрын аға сұлтандар болар-кетер болып өткен болса, бұл сайланысымен сол жылы-ақ мешіт салдырып, құрбандық шалдырып, рәсімін ашты. Оның тәуір-ақ әділеттілігі мен жомарттығы бар еді. Осы мешітке бірінші болып имам Хасан Сейфоллаұлы тағайындалған еді», деп жазады.

Мешіт 1851 жылы ашылғаннан бастап, Кеңес өкіметі орнағанға дейін халыққа қызмет көрсетіп, тарихи орындардың бірі ретінде мұсылман қауымның уағыз-насихат айтып, әдептілік, әдет-ғұрып пен дінді қатар жетектеп келген қасиетті орны болған. 80 жылға жуық қасиетті Құдай үйі аталып, имандылық пен адамгершіліктің ұйытқысына айналған. Тек 1924 жылы тәркілеудің алғашқы кездерінде Қарқаралыға келген белсенділер: «Мұның мұнарасын құлату керек, кеңсе қыламыз» деп, мешітті кеңсеге лайықтауға тырысады.

Қасиетті мекеннің одан кейінгі тағдыры төңірегінде Қарқаралыдағы Құнанбай қажы мешітінің бұрынғы бас имамы Әміржан Әшімұлы төмендегіше ой өрбітті: «Біздің үлкендерден естігенімізді айтсам, әлгі белсенділер Алла үйінің мұнарасын кім құлатады деп тұрғанда, араларынан Имаш деген кісі: «Мен құлатамын, онда тұрған не бар?» – деп, ағаш мешіттің үстіне жүгіріп шыққан кезде, қолынан балтасы ұшып кетіп, аяғы тайып құлап, сол жерде мерт болыпты. Бұл күдіретке түсіне алмаған белсенділер: «Мынау жансыз үй қараптан қарап біздің бір кісімізді өлтірді» деп, мешітті өртеп жібермекші де болған. Қасиетті үйдің есігінің алды түгелдей қоршалған тал шарбақ болған екен, соның бәрін үйіп, кіл ағаштан салынған мешіттің шығыс жақ шетінен өрт қойыпты. Сол уақытта талдың өзі ғана жанып, ал мешіттің іргесіне от дарымапты. Жай ғана сыртын қара күйе шалып, сырлап қойғандай болып қалған екен. Ызаланған белсенділер отты енді батыс жақ шетінен қойып, өртемекші болғанда, сол жерде жүрген

адамдардың біреуінің көзіне жағымсыз елестер көрінсе, енді біреуінің жанарына шоқ түсіп әбден титықтатыпты».

Сонымен қатар дінге қарсы болған Кеңес өкіметі кезінде «Құнанбай қажы мешітінің айшығын атып түсіріңдер» деген бұйрық та болады. Біраз кісілер айшықты нысанаға алып атқанымен, оқтары дарымайды. Содан бір кісінің оғы мешіт мұнарасына дөп тиіп, айшық жерге құлап түседі. Ал атқан кісі сол жерде дөп секілді домалап, белгісіз жағдайда жан тапсырыпты. Естері шыққан белсенділер бастапқы ойларынан бас тартып, мешітті жауып қойып, өздері кетіп қалыпты. Ешкімді жолатпай, есік-терезесінің барлығын тарс бекіттіріп тастапты. Содан 1941 жылға дейін жабық тұрған. Кейін Екінші дүниежүзілік соғысы басталған кезде соғыс зардабын тартқан бауырларымыз Украина, Белоруссия, Закавказьеден келіп, осы жерді жатақхана ретінде тұрақ етіпті. Бірақ олар бұл жерде көп тұрақтай алмаған. Бас-аяғы екі түнеп, үшінші күні мазалары қаша бастайды. Қолдарына қоржындарын ұстап алып, есіктің алдында үрпиісіп отырғандарын көріп:

– Неге ішіне кірмейсіңдер, жатпайсыңдар? – деп сұраса: – Бұл бір мазасыз нашар үй екен, ішіне кіріп жатуға болмайды, маза бермейді, тыныштық жоқ! – деп реніштерін білдіріпті.

Кеңес заманында мешітті тек жатақхана ретінде ғана пайдаланып қоймай, басқа да мақсаттарда қолданған. 1991 жылға дейін бұл жер әртүрлі қоймалар қызметін де атқарыпты. Одан соң кітапхана, кейін Пионерлер үйі болады. Үлкендердің айтуынша, мешіт қойма болып тұрған кездің өзінде тұрғындар талай тылсымның куәсі болған екен. Кешкілік күллі қойманың ішін тап-тұйнақтай етіп жинап, таңертеңгісін келсе, реттеп кеткен күріш, қарақұмық сияқты дәнді-дақылдар бір-біріне араласып, қаптардың орындары қозғалып, бейберекет шашылып жататын жайттар жиі қайталаанады. Алғашында бұған күзетшілерді кінәлайды. Содан қаншама сенімді адамдар келіп, түнімен күзетеді. Алайда, ешкім ештеңені ұрламайды, тек таңертең барлығы бір-бірімен араласып, қойманың іші ыбырсып шашылып жатады. Кейіннен мұндай жағдай мешіт кітапхана болып тұрған уақытта да қайталаанады. Іргедегі сөрелерге реттестіріп жинап кеткен кітаптар таңертең келсе, ортада үйіліп жататын көрінеді. Қасиетті орын бертініректе Пионерлер үйіне айналғанда да, кешкісін қалдырып кеткен барабан, горн сияқты саз аспаптары түнімен дыбыс шығарып, күзетшілердің зәруелерін алыпты. Ақырында билік басындағылар мешітті жауып тынады.

Жатақхана болып, атқора мен қойма қызметін де атқарып, қараусыз қалып келген жәдігердің бүгінге дейін жету жолындағы өткерген қиыншылықтары кейін ұмыт болды. Егемендік алған тұстары алғаш рет «Жібек жолы» жобасы негізінде мемлекеттен қаржы бөлініп, «Абайдың мұражайы» деген бағдарлама аясында қайта ашылды.

### **Абай тоқтаған үй**

Жазба деректерде кеңінен сөз болатындай, болашақ ұлы ақын Қарқаралыға жиі атбасын бұрып тұрған. Қасиетті өлкені Шыңғыстаудан кейінгі екінші атамекені санаған. Қарқаралының Абай жүрегіне айрықша жақын болуының үлкен бір себебі – ақынның анасы Ұлжан Қаракесек

руының қызы болса, алған жары Ділдә да әріде Қаздауысты Қазыбек би, беріде Тіленші бидің ұрпағы Алшынбайдың нәсілі екені белгілі. Бұл жайт әлбетте болашақ ақынның қызығы мол қалаға жиі келіп-кетіп жүруіне ықпал еткені сөзсіз.

Абайдың Қарқаралыға алғашқы сапары негізінен мешіттің құрылыс жұмыстары басталған кезеңмен тұспа-тұс келеді. Оны ақын жиі түсіп, қонақ болатын татар көпесі Халиолла Бекметовтің көктөбел ағаш үйінің маңдайшасында жазылған: «Бұл үйде 1850 жылы ұлы ақын-ағартушы Абай Құнанбаев болған» деген дерек растай түседі. Егер ақынның 1845 жылы өмірге келгенін ескерсек, онда Абайдың Қарқаралыға алғаш 5 жасында табан тигізгеніне көз жеткізуге болады. Ал бұл уақыт әкесі Құнанбай қажының Қарқаралыға болыс болып сайланып, мешіт құрылысымен қызу айналысып жатқан уақытын көрсетеді. Оны Мұхтар Әуезов те «Абай жолы» роман-эпопеясында жақсы суреттейді: «Абай әкесімен бірге Қарқаралыда тұрғалы көп күндер болды. Қазірде қыс әбден түсіп, қар бекіп алған-ды. Құнанбай кішкене қаланың тап ортасындағы көк шатырлы, үлкен ағаш үйді жатақ еткен. Қазағуар, қонақшыл татар саудагерінің үйі...» деп жазады қаламгер. Жазушы айтып отырған қонақжай шаңырақ біз сөз еткен татар саудагері Халиолла Бекметовтің көктөбел үйі екендігі анық.

«Құнанбай Абаймен бірге Халиолланың үйіне бірнеше рет келген. Өйткені Қарқаралы дуан орталығы болғандықтан жиі келіп тұратын. Бірнеше күн бұрын өзінің келетіндігін арнайы кісі жіберіп хабарлап отырады екен. Сыйлы қонақтарды күту үшін Халиолланың үйі алдын ала дайындалып, Құнанбайға арнайы тай сойғызады екен» деп жазады қарқаралылық ақсақал Ахметбек Әрінұлы өз еңбегінде. Ал академик Ақжан Машановтың естелігінде мынадай дерек сақталған: «Абай әр келген сайын Халиолла байдың «Көк үйіне» атбасын тіреп, қадірлі қонақ ретінде қабылданған. Жиһаз-жабдығы мол, бай кітапханасы бар осынау еңселі ағаш үйде демалып жатып, өлең жазған. Абайды Қарқаралы жастары қошеметтеп қарсы алып, оның келуін үлкен өлең-жырдың мерекесіне айналдырған. Оны Бекметовтер әулеті мен қаланың белді азаматтары кезек-кезек қонаққа шақырып, құрмет көрсеткен. Ол сонымен бірге қансонарда аңға шығып, құс салып, тазы қосып, түлкі аулаған».

Кезінде бұл көктөбел үйдің алдында қонақ қабылдайтын арнайы жай болған деседі. Үйдің қорасы үлкен. Қораның табанына қыш тас төселген. Ол кезде аулада үлкен үш қора орналасыпты. Біріншісінде келген қонақтардың көлігі, екіншісіне малдың жем-шөбі, үшіншісінде сауын сиырлардың қорасы мен қасапхана болған. Бірнеше жыл бойы баптап, арнайы кептірілген үлкен бөренелерден қиюластырып салынған тарихи жәдігердің тағы бір ерекшелігі – үйді салу барысында шеге атаулы мүлдем пайдаланылмаған. Білетін адамдар Халиолланың қора-жайы қандай үлкен болса, дастарқаны да сондай мол, ел-жұртқа аса сыйлы болғандығын жиі сөз етеді өз зерттеулері мен жазба естеліктерінде. Адамгершілігі мен қайраткерлігі де өз алдына бір төбе. Тіпті, Құнанбай қажы мешіт құрылысын қолға алғанда Халиолла Бекметов тарапынан рухани һәм қаржылай көмек күшіне ие болған.

Татар көпесінің ағайынға бергісіз бауырмалдығы мен мәрттігін аса жоғары бағалаған Құнанбай қажы кейін Халиоллаға Тобықты руынан шыққан өзінің жақын қарындасы Ғайни Шоңбайқызын алып беріп, араларындағы достықты жүзжылдық туыстыққа ұластырады. Ғайниға дейін Ләтифа, Хадиша, Фатима есімді үш әйелі болған саудагер, әрқайсысына жеке-жеке ағаш үй тұрғызып, өзі өмірінің соңына дейін Ғайнимен бірге осы көктөбел үйді тұрақ еткен.

Осы тұста тағы бір маңызды дерек – Халиолланың үшінші әйелі Фатимадан туған Гүлбаһар (Күлбіш) – қазақтан шыққан тұңғыш заң магистрі, белгілі қоғам қайраткері Жақып Ақбаевтың жары. 1922 жылы Жақып Ақбаев Алаш өкіметі мүшесі болғандығы үшін айыпталып, өз қаражатына салған баспанасы заңсыз тәркіленіп, арыстай басы абақтыға қамалған қиын-қыстау шақта заңгердің далада қалған отбасы мен бала-шағасы осы көктөбел үйді паналаған. Құнанбай мешітімен салыстырғанда Абай үйінің ғимараты біздің заманға толық жетіп отыр. Ақын аралап көрген бөлмелер мен саусақ табы қалған діңгектер жақсы сақталып, қаз-қалпында келер ұрпақ қолына табысталды. Бүгінде бұл ғимаратта дарынды жастарды өнер нәрімен сусындататын «Саз мектебі» орналасқан. Оқу ордасынан түлеп ұшқан талай қарлығаштар өнер әлеміне қанат қағып, өрелі биіктерге қол жеткізуде.

## **Түйін**

Қазақтың қаншама тұлғасы босағасын аттап, мол дастарқанынан дәм татқан киелі шаңырақ күні бүгінге дейін Қарқаралыдағы әдемі әрі әшекейленіп салынған еңселі һәм тарихи құнды жәдігерлердің қатарында. Талай-талай қысылтаяң шақтарды басынан өткерсе де, өзінің қасиетінің арқасында екі ғасырға жуық сақталып келген таза ағаштан қиып салынған шежірелі қос мекен: Құнанбай қажы мешіті мен Абай түскен үйдің тарихтың тағылымды беттерінен алар орны айрықша. Қазіргі таңда жәдігерлер Қарқаралының мақтан тұтатын орындарының бірі саналып, ұлы Абай жолының тағылымды тармағына айналған. Табалдырығында қажы Құнанбай мен дана Абайдан бастап, Алаш арыстары мен ұлтымыздың небір қайраткер тұлғаларының ізі сайрап жатқан киелі мекен осы бір қасиетімен құнды.

## **Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы**

**Назерке ЖҰМАБАЙ**